



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

2017 жылғы 15 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б. Ә. Сағынтаевқа

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Бақытжан Әбдірұлы !

Тарих тізбегінде қазақ ешқашан жетімін жылатпаған, жесірін корлатпаған.

Бұрын «баласын тастап кетіпті» дегенді оқта-текте еститін құлағымыз бүгінде «сәбиін қокыс жәшігіне не әжетханаға лақтырып кетіпті» деген сұмдық хабарларға да үйреніп бара жатыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерден жұрттың наразысы мен наласына қалып жатқан оқыс оқиғалар, өкінішке орай, былтырдан бүгінге дейін екі еселегендігін көруге болады. Оған дәлел, Бас прокуратураның ресми мәліметіне сай, 2016 жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің «Қауіпті жағдайда қалдыру» 119 – бабы бойынша 15 қылмыстық іс көтерілсе, 2017 жылдың үш айының өзінде ғана далада қалған сәбидің саны 8-ге жеткен.

Көрінгеннің аяғы басқан жер тастанды сәбилердің бесігіне айналғаны өтірік емес.

Дегенмен де көптеген жағдайда далаға иесіз тасталған балалар шетінеп кетуі себепті, олардың өлім-жітімі туралы нақты ресми дерек жоқ.

Қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз.

Қазіргі таңда отбасыдан бастап, балабақша, мектеп, колледж, тіпті жоғары оқу орындарында да тәрбиеге жете көңіл бөлініп келе ме?

**Қоғамның дерті болған мәселені бірлесіп шешу үшін келесі мәселелерге назар аударуды сұраймын:**

1. Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан жеткіншектің жетілуі кезеңіндегі бақылау менен жүкті аналардың есепке тұру ұстанымы қалай жүргізілуде?

2. Жоғарыда айтып өткенімдей, білім ошақтарында тәрбиеге қайшы келетін олқылықтарды жою үшін, рухани-адамгершілік құндылығы сіңген

арнайы бағдарлама неге қабылдамасқа? Отбасы – ортасы - білім ошағы үш тағанының бірлесіп атқарар жұмыстары тізгіндейтін уақыт жетті.

3. Күнұзағына «нәпақасын» табумен жүріп, бауыр еті-баласының тәрбиесін кейінге ысыра беретін кейбір ата-аналармен кім жұмыс жүргізуде?

4. Бүгінде республиканың түкпір-түкпірінде «Үміт» үйлері менен «Үміт» топтарында 333 сәби тәрбиеленуде. Аталған үйлер - "от басқан" аналар үшін тығырықтан шығар бірден-бір жол. Осы іспетті орындардың бар екендігі туралы жауапты мамандар тарапынан жастарға кеңірек түсінік жұмыстары жүргізілсе;

5. Әйелдер ісімен, отбасы мәселелерімен айналысатын мемлекеттік, мемлекеттік емес комиссия мүшелерінің де, қоғамдық ұйымдардың да жұдырықтай жұмылатын кезі келді.


6. Бұған дейін де депутаттар тарапынан көтеріліп жүрген «Бэби-бокс» аталатын «үміт бесіктері» бүгінгі күні біраз елде бар. Көптеген батыс елдері аурухана жанына орналастырған жәшіктердің аркасында, мыңдаған нәрестенің өмірін аман сақтап қалды. Қара суық пенен ит-құстың жемтігіне айналғанша өзге елдерде кеңінен тараған «Тастанды нәрестелерге арналған үміт бесіктерін орнату» да тығырықтан шығар амал ма дерсің?

«Ел боламын десең-бесігіңді түзе» дегендей, ұлтымыз үшін қауіпті індетке айналып бара жатқан бұл мәселеге тоқтау салып, мемлекеттің дәрежесінде кешенді іс-шара қабылдайтын уақыт жетті.

Осы депутаттық сауалға жауапты заңдылыққа сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

**Құрметпен,  
депутаттар «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**Фракция депутаты «Халық  
коммунистері»**

  
Б. Хаменова  
З. Балиева  
О. Оксикбаев  
С. Умбетов  
И. Унжакова  
О. Шишигина  
Г. Шиповских  
И. Смирнова